

Аудандық коммуналдық мүлiктi мүлiктiк жалдауға (жалға алуға) беру кезiнде жалдау ақысының мөлшерлемесiн есептеу қағидаларын бекiту туралы

Күшiн жойған

Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкiмдiгiнiң 2014 жылғы 22 тамыздағы № 344 қаулысы. Қостанай облысының Әдiлет департаментiнде 2014 жылғы 24 қыркүйекте № 5099 болып тiркелдi. Күшi жойылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкiмдiгiнiң 2015 жылғы 14 сәуiрдегi № 91 қаулысымен

Ескерту. Күшi жойылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкiмдiгiнiң 14.04.2015 № 91 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан бастап қолданысқа енгiзiледi).

"Мемлекеттiк мүлiк туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңы 18-бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергiлiктi мемлекеттiк басқару және өзiн-өзi басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына және "Мемлекеттiк мүлiктi мүлiктiк жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларын бекiту туралы" Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң 2014 жылғы 13 ақпандағы № 88 қаулысына сәйкес Қарабалық ауданының әкiмдiгi **ҚАУЛЫ Е Т Е Д I :**

1. Қоса берiлiп отырған Аудандық коммуналдық мүлiктi мүлiктiк жалдауға (жалға алуға) беру кезiнде жалдау ақысының мөлшерлемесiн есептеу қағидалары **б е к i т i л с i н .**

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi.

Аудан әкiмi	А. Исмағұлов		
Ә к i м д i к т iң	2 0 1 4	ж ы л ғ ы	
22	та м ы з да ғ ы	№ 3 4 4	қа у л ы с ы м е н
бекiтiлген			

Аудандық коммуналдық мүлiктi мүлiктiк жалдауға (жалға алуға) беру кезiнде жалдау ақысының мөлшерлемесiн есептеу қағидалары

Аудандық коммуналдық заңды тұлғалардың балансындағы мемлекеттiк тұрғын емес қор объектiлерiнiң 1 шаршы метрiн пайдалану үшiн жылдық жалдау

ақысының базалық мөлшерлемесі 1 айлық есептік көрсеткішті құрайды.

1. Мемлекеттік тұрғын емес қор объектісін мүліктік жалдауға (жалға алуға) арналған жылдық жалдау ақысының мөлшерлемесі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$Жа = Бм * K_1 * K_2 * S, \quad \text{мұндағы:}$$

Жа – мемлекеттік тұрғын емес қор объектісінің жылдық жалдау ақысының мөлшерлемесі;

Бм – базалық мөлшерleme;

K_1 - объектінің аумақтық қатыстылығын есепке алатын коэффициент;

K_2 – құрылыстың түрін есепке алатын коэффициент;

S - жалдауға алынған үй-жайдың ауданы (шаршы метр).

Объектінің аумақтық қатыстылығын есепке алатын коэффициент:

Аумақтық аймақ	K_1
Қарабалық ауданы	1,6

Құрылыс түрін есепке алатын коэффициент:

Құрылыс түрі	K_2
Жеке тұрған	1
Қосымша салынған	1
Жартылай жертөле	0,85
Жертөле	0,70
Қоймалық	0,60

2. Құрал-жабдықтарды, автокөлік құралдарын және басқа да пайдаланылмайтын заттарды мүліктік жалдау (жалға алу) үшін жалдау ақысының мөлшерлемесі мынадай формула бойынша анықталады:

$$Жн = АТ + (БҚ * ҚМ), \quad \text{мұндағы:}$$

Жн – құрал-жабдықтарды, автокөлік құралдарын және басқа да пайдаланылмайтын заттардың жылдық жалдау ақысының мөлшерлемесі;

АТ – 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 120-бабымен анықталған амортизацияның шектелген нормаларына сәйкес амортизациондық төлемдердің сомасы;

БҚ – баланстық құны;

ҚМ - Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесі.

3. Жұмыс уақытын толық пайдаланбайтын (сағаттар бойынша) объектіні жалдау (жалға алу) үшін жалдау ақысының мөлшерлемесі мынадай формулалар бойынша есептеледі:

аудандық коммуналдық заңды тұрғалардың балансындағы мемлекеттік

т ұ р ғ ы н е м е с қ о р ы ү ш і н :

$$Ж = S * Бм * K_1 * K_2 / ЖУ * N,$$
 м ұ н д а ғ ы :

Ж – жұмыс уақытын толық пайдаланбайтын объектінің жылдық жалдау а қ ы с ы н ы ң м ө л ш е р л е м е с і ;

S – ауданы (шаршы метр);

Бм – базалық мөлшерleme;

K_1 - объектінің аумақтық қатыстылығын есепке алатын коэффициент;

K_2 – құрылыстың түрін есепке алатын коэффициент;

ЖУ – жылдық жұмыс уақытының балансы;

N – жылдық сағат саны .

Құрал–жабдықтар, автокөлік құралдары және басқа да пайдаланылмайтын з а т т а р ү ш і н :

$$Ж = Ж_n / ЖУ * N,$$
 м ұ н д а ғ ы :

Ж – құрал-жабдықтар, автокөлік құралдары және басқа да пайдаланылмайтын заттардың жылдық жалдау ақысының мөлшерлемесі;

$Ж_n$ – құрал-жабдықтарды, автокөлік құралдарын және басқа да пайдаланылмайтын заттарды мүліктік жалдау (жалға алу) үшін жылдық жалдау а қ ы с ы ;

ЖУ – жылдық жұмыс уақытының балансы;

N - жылдық сағат саны.